

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жекелеген ұйымдарын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 қыркүйектегі N 904 қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1 . М ы н а л а р :

1) Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің "Көкшетау" мемлекеттік ұлттық табиғат паркі" мемлекеттік мекемесі оған Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі "Зеренді балық питомнигі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қосу жолымен;

2) Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары жөніндегі комитеті "Қаныш Сәтбаев атындағы арна" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны оған Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі "Шідерті уылдырық шашу-өсіру шаруашылығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қосу жолымен;

3) Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі "Қарағанды балық питомнигі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны оған Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі "Жезқазған балық питомнигі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қосу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің "Көкшетау" мемлекеттік ұлттық табиғат паркі" өз аумағындағы көлдер ихтиофаунасының биологиялық әркелкілігін сақтау мақсатында қаумал режимі аймағында балық қорын молайту бойынша жыл сайынғы жұмыстарды шектеулі шаруашылық қызметі және заңнамада тыйым салынбаған өзге де көздер қаражатының есебінен жүргізісін.

3. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары жөніндегі комитетінің "Қаныш Сәтбаев атындағы арна" республикалық мемлекеттік кәсіпорны жыл сайын балықтың шабағын шығаруды балық ресурстарына келтірілетін шығынды өтеу мақсатында биологиялық негіздемеде көзделген санда жүргізісін.

4. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыны іске асыру жөніндегі қажетті шараларды қабылдасын.

5. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

